

**«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЕРЕЙМЕНТАУ
АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ
ЕРЕЙМЕНТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ БӨГЕНБАЙ
БАТЫР АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ»
КММ
ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ
БОЙЫНША АНЫҚТАМА**

2024 ЖЫЛ

**"Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім
бөлімі Ерейментау қаласының Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейі"
КММ
өзін-өзі бағалау қорытындысы**

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 4-1-тармақшасы, "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы, педагогикалық кеңестің шешімі №4 хаттама және "Сараптамалық комиссия құру туралы" мектеп бойынша бұйрық негізінде "Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын өткізу" бойынша мектептің өзін-өзі бағалауы өткізілді,

Нәтижелері бойынша талдамалық анықтама жасалды.

Мектептің өзін-өзі бағалауын комиссия келесі құрамда өткізді:

1. Жахин Ергалый Таханович –мектеп директоры, үшінші санатты басшы, сараптау комиссиясының төрағасы,
 2. Жасарова Алма Хамзановна – 3-санатты мектеп басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
 3. Сырымбетова Асемгуль Амангельдиновна - 3-санатты мектеп басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
 4. Төлебек Бектас Лесбекұлы – директордың ғылыми-әдістеме бойынша орынбасары, комиссия мүшесі
 5. Байженова Алия Жакуевна – педагог-психолог, комиссия мүшесі.
 6. Дуйсекова Кулпан Тлеулиевна кәсіподақ ұйымының төрайымы, комиссия мүшесі
 7. Молдабаева Шолпан Евенслановна кітапханашы, комиссия мүшесі
- Шакирова Жулдыз Канатовна комиссия хатшысы

Өзін-өзі бағалау кезеңінде комиссия келесі критерийлер бойынша тексеру жүргізді:

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
2. Кадрлық әлеуетті талдау
3. Білім алушылар контингенті
4. Оқу-әдістемелік жұмыс
5. Оқу-материалдық активтер
6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры
7. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары
8. Қорытындылар мен ұсыныстар

I. Білім беру мекемесі туралы жалпы сипаттама

1. Білім беру ұйымының толық атауы:

"Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Ерейментау қаласының Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан мекенжайы): Ақмола облысы, Ерейментау қаласы, Әуезов көшесі, 8 үй.

3. Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):

Тел-факс: 8 (716)33 2-31-51

Электрондық мекен-жайы: school-lyceum_bogenbai@mail.kz

Мектептің веб-сайты: <http://sc0004.ereymentau.aqmoedu.kz/>;

Instagram: https://instagram.com/bogenbai_batyr_mektebi?igshid=ZDdkNTZiNTM=

4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Жахин Ергалый Таханович

Ерейментау ауданы, білім бөлімінің 2023 жыл 28 тамыз айының №40 бұйрығымен тағайындалды. («Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 11.11.2021 ж. №559 бұйрығына сәйкес)

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2022 жылғы 27 маусым
- «Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейі» КММ жарғысы Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 15 маусым №А-6/272 қаулысымен бекітілген

Жарғының көшірмесі қоса беріледі

Рұқсат беру құжаттары:

- 2022 жыл 25 шілде № KZ48LAA00032511 лицензиясы

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

- 1) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҰОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;**

«Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейі» КММ

- 2022-2023 оқу жылына арналған **ҰОЖ таңдауды бекіту туралы шешімі:**
 - 1-4-сынып үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 ж. 12.08. №365 бұйрығына 1-қосымшаны;
 - 5-9 - сынып үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 ж. 12.08. №365 бұйрығына 19-қосымшаны;
 - 10-сынып үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 ж. 12.08. №365 бұйрығына 27-қосымшаны;

- 11-сынып үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 ж. 12.08. №365 бұйрығына 86-қосымшаны басшылыққа алу.

2022-2023 оқу жылында 8А сынып оқушысына ақыл-ой кемістігі бар (орташа ақыл-ой кемістігі бар) Боранбаева Асем Руслановна 15.09.2007 жылы туған, 2022 жыл 02 қыркүйектегі Дәрігерлік-консультациялық комиссияның №448 қорытындысына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 ж. 12.08. №365 бұйрығына 9-қосымшаның 11-тарауы басшылыққа алынды.

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ

- 2023-2024 оқу жылына арналған **ҮОЖ таңдауды бекіту туралы шешімі.**

Педагогикалық кеңестің шешімімен төмендегідей ҮОЖ бекітілді:

- 1-4-сынып үшін ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 18.08.2023ж №264 бұйрығына 6-қосымша;
 - 5-9 - сынып үшін ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 ж. №412 бұйрығына 16-қосымша;
 - 10-сынып үшін ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 18.08.2023ж №264 бұйрығына 17-қосымшаны;
 - 11-сынып үшін ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 ж. 12.08. №365 бұйрығына 27-қосымшаны басшылыққа алу.

2023-2024 оқу жылында 9А сынып оқушысы 15.09.2007 жылы туған Боранбаева Асем Руслановнаға (орташа ақыл-ой кемістігі бар) 2023 жыл 28 тамыздағы Дәрігерлік-консультациялық комиссияның №381 қорытындысына сәйкес ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 ж. №412 бұйрығына 6-қосымша 11-тарауы;

6-сынып оқушысы 22.06.2012 жылы туған Жумағали Самал Русланқызына (жеңіл ақыл-ой кемістігі бар) 2023 жыл 06 қыркүйектегі Дәрігерлік-консультациялық комиссияның №412 қорытындысына сәйкес ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 ж. №412 бұйрығына 6-қосымша 10-тарауы басшылыққа алынды.

2024-2025 оқу жылы

- 2024-2025 оқу жылына арналған **ҮОЖ таңдауды бекіту туралы шешімі.**

Педагогикалық кеңестің шешімімен төмендегідей ҮОЖ бекітілді:

- 1-4-сынып үшін ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024ж 08.02 №27 бұйрығына 1-қосымша;
 - 5-9 - сынып үшін ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023жыл №323 бұйрығына 19-қосымша;
 - 10-11 сынып үшін ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023жыл №323 бұйрығына 27-қосымшаны басшылыққа алу.

7-сынып оқушысы 08.10.2011 жылы туған Бекжасқызы Айрин (ақыл-ойдың дамуы тежелген) 2024 жыл 29 қыркүйектегі Дәрігерлік-консультациялық комиссияның №367 қорытындысына сәйкес ҚР БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 ж. №323 бұйрығына 9-қосымша 9-тарауы басшылыққа алынды.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы;

«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05.2020 ж. № 216 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

3) білім алушылардың танымдық мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық салт-дәстүрді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын жүзеге асыру

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстарына өзіндік талдау

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Ерейментау қаласының Бөгенбай батыр атындғы мектеп-лицей» КММ

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу – тәрбие жұмысының басты мақсаты. Оқушылардың өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жүзеге асыруына, тұлғасының өзін-өзі анықтауына, олардың қоғамда табысты әлеуметтенуіне жағдай жасау

2022-2023 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысы барлық білім беру ұйымдарында оқу процесінің тәрбиелік құрамдас бөлігін күшейту бойынша Үлгілік кешенді жоспарға сәйкес жүргізілді. Мектептің жұмыс жоспары Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына негізделген.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың құқықтық негізі негіз болып табылады:

- 1) БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы ;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі No 169-VI Заңы ;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы ;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы No 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы No 604 бұйрығы;
- 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі No 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру контекстіндегі білім берудің тұжырымдамалық негіздері.

2023–2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын әзірлеуге келесі нормативтік құжаттар негіз болды:

- 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» нұсқаулық-әдістемелік хат
- Қазақстан Республикасы Білім министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық академиясы «Бірыңғай білім беру бағдарламасы» 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294.

2024–2025 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын әзірлеуге келесі нормативтік құжаттар негіз болды:

- «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» нұсқаулық-әдістемелік хат
- Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» 2024 жылғы 30 шілдедегі №194.

4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

2022–2023 оқу жылында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде еңбексүйгіш, адал, саналы, шығармашыл азамат тәрбиелеу – тәрбие жұмысының басты мақсаты.

Міндеттері:

1. Ата-ананы, үлкенді сыйлау, олардың өсиетін тыңдау, жанұядағы татулықты бағалау, отбасы алдындағы міндеттерін абыроймен атқару дағдыларын қалыптастыру және тәрбиелеу.

2. Мейірімділік, намыс, ар-ождан, ізеттілік, жауапкершілік, қамқорлық пен әділдік сияқты қасиеттерді дарыту, еңбексүйгіштік пен құқықтық мәдениетті қалыптастыру.

3. Ұлттық мұраны қорғау, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, татулық пен келісімді сақтау

Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизмге және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие беру
2. Рухани-адамгершілік тәрбие беру
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беру
7. Интеллектуалдық тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты
9. Өзін-өзі басқару ұйымы
10. Сынып жетекшілерімен жұмыс

Бұл мақсатқа жету үшін педагогикалық процесс бала мен мұғалімнің бірлескен іс-әрекетін ескере отырып құрылды. Тәрбиелік және тәрбиелік іс-әрекеттер ынтымақтастық пен өзара түсіністік принциптеріне негізделді.

Әрбір оқу жылының басында әдістемелік-нұсқаулық хат және аудандық жылдық жоспар негізінде мектептің тәрбие жұмыстарының жоспары бекітіледі. Жалпы мектептің тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жүргізіледі.

Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталады. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика-оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргіземіз. Ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылайды. Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің барлығы бірлестік бекітілген жоспар

бойынша жұмыстар атқарды. Жыл бойы мектепте төмендегідей тақырыптарға басты назар аударылды.

1. Тәрбие жұмысын жоспарлау, орындалуын қадағалау, қорытындысын шығару және кемшіліктермен жұмыс жасау.
2. Жасөспірімдер арасында ұшырасатын суицид көріністерінің алдын алу, оқушылардың өмір қауіпсіздігін, денсаулығын басты назарға алу.
3. Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырудағы ата-аналардың рөлін арттыру, олардың мектеппен бірлесіп бір бағытта жұмыс жасауға бар күштерін салуға шақыру.
4. Жалпыға құқықтық білім беру жұмысы;
5. Жазғы жұмыс және демалысты ұйымдастыру.
6. Жоспарға сәйкес енгізілген өзгерістер мен ұсыныстарды қапада қалдырмау және жоспарланған түрлі жобаларды енгізу және іске асыру.

https://www.instagram.com/reel/Ch95IxiAoEv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Азаматтық, патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие беру барысында оқушыларға ҚР мемлекеттік рәміздерін бағалап, ҚР Конституцияны құрметтеуге баулу жұмыстары атқарылды. Ана тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілікті нығайту, өз құқықтарын мен міндеттерін біле келе жауапкершілікті сезіну, өз Отанының патриоты болуға тәрбие беру міндеттелді. Оқушылар мен мұғалім, ата-аналар арасында мектепте құқықтық жалпы білім беру жұмысы жүргізілді.

Мектептің, ата –аналардың бірлескен қызметін жоспарлап, ата – аналар оқу сапасын, баланың қауіпсіздігін қадағалау мақсатында ата –аналарға жадынамалар жіберіліп, 1 - 4 сыныптар бастауыш сыныптардың мұғалімдері тарапынан «Мектеп, бала, отбасы», «Менің жанұям», «Байлықтың атасы еңбек» атты тақырыптарында бірлескен шаралар өткізілді.

https://www.instagram.com/p/Cie5_G3tvSh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Оқу жынының ішінде 4 жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізіліді. Бұл жиналыстарда: «Балалардың қауіпсіздігі. Жасөспірімдер арасында темекі шегу, ішімдік пен нашақорлықтың алдын алу», «Қауіпсіз қыс», «Жаз мезгіліндегі балалардың қауіпсіздігі», «Жасөспірімдер арасындағы бұзақылық» тақырыбында АПБ инспекторы Керейбаев М.Б баяндама оқып, тәрбиенің бастауы отбасында екені, яғни бала үшін ең алдымен ата анасы жауапты екені тағы да ескертілді. Жиналысқа 112 ата - ана қатысып, ата-аналар комитетінің төрайымы. Жусупова Г.К «Бала тәрбиесі жауапты іс» тақырыбында сөз сөйледі, мектеп психологы Байженова А.Ж «Жанұя –шағын ұжым» атты баяндамаларын оқыды, ата-аналар өз ойларын ортаға салды.

Мұғалімдердің, психологтың, мектеп инспекторының оқушылар арасында қауіпсіз қарым-қатынас орнату бойынша бірлескен жүйелі жұмысы жолға қойылған. Психологтар мен сынып жетекшісі тарапынан оқушыға бақылау дәптері ашылып, сынып жетекшісімен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог бірлесе отырып, отбасына зерттеу актісі толтырылды және жеке мінездеме жазылды. Кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі инспектормен бірлесе отырып әңгімелер жүргізіп, хаттамалары тіркелген. 5-11 - сыныптар ер балалары арасында Ерейментау АПБ-нің инспекторы Медет Байтенұлының қатысуымен «Өз құқығыңды білесің бе?», «Жасөспірім қылмыскер қайдан шығады?» деген тақырыптарда түсіндірме жұмыстары өтті.

https://www.instagram.com/reel/ClGHgpFA_t9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектепте оқушылардың жүгінімдері мен ұсынымдарына арналған жәшік орналасқан, жәшікте қазіргі уақытқа дейін ешқандай арыздар мен шағымдар келіп түскен жоқ.

ҚР Рәміздерін бағалауға «Мемлекеттік Рәміздер - біздің еліміз бен егемендігіміздің мызғымас негіздерінің бірі» тақырыбы аясында мектепішілік өзін өзі басқару ұйымының жиыны, «Рәміздерім-мақтанышым», «Егемен елдің Рәміздері-Заңмен қорғалады», «Көк байрағы желбіреп, тәуелсіздіктің таңы атты», «Мен Рәміздерді қастерлеймін», «Менің Рәміздерім- ұлт мақтанышы» акциялары ұйымдастырылса, «Отанымның көк Туы», «Елбасы тандаған Гимн», «Елтаңба туралы білейік» тақырыбы аясында 2-5 сыныптар арасында

танымдық сағаттары «Менің Отаным- Қазақстан», «Отаным-бақыт ордасы», «Қазақ елі- менің Отаным», «Мен Отанымның ұланымын» сияқты тәрбие сағаттары 6-8 сыныптарда, «Ата Заңым - ардағым», «Конституция сенің кепілің», «Заң баптарын білейік» атты тәрбие сағаттары 9-10-11 сыныптарында өткізілді.

Жыл сайын АӘД пәнінің мұғалімі Идрисов Ж.Ж ұйымдастыруымен Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылуына байланысты 9-11 сыныптар арасында әскери-спорттық жарыс өткізілді, жарысқа арнайы қонақ ретінде Ауған соғысының ардагерлері шақырылды. 2023 жылдың мамыр айында облыстық «Жас құтқарушы-2023» слетінде 20 команда арасынан 7 орын және 2 номинация бойыша 1 орындар алды.

Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу бойынша негізгі міндеті адамгершілік мінез-құлық әдеттерін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Ата-аналар адамгершілік тәрбиесінде мектеппен бірлесе көптеген жұмыстар атқарады, себебі адамгершілік қасиеттер бала бойына кішкентай кезінен, яғни отбасынан бастап сіңірілуі тиіс. Осыған орай мектепте «Ұлтқа ары, ұяты бар қыз керек» тақырыбымен . 5-11 – сынып қыздары арасында мектеп психологы, мектеп медбикесі және ардагер ұстаздары қатысуымен жиналыс ұйымдастырылып, 9-11-сынып қыздарымен мен аналарына, қонақтар өз кеңестерімен бөлісті.

https://www.instagram.com/reel/CmEJtZ3AKPA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектепте 1-қазан қарттар күніне «Қарттарым аман саумысың!?» тақырыбында зейнеттегі ұстаздарды құттықтап, үйлеріне беріп баталарын алып, өз сыйлықтарымызды тарту еттік. 11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен “Ұстаз болу – жүректің батырлығы» атты мерекелік концерт өткізілді.

Оқушыларды қайырымдылыққа, адамгершілікке, жақсы үлгі өнегеге, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу қасиеттеріне, мейірімділікке, тәрбиелеу мақсатында 1-4 сыныптарда «Адамгершілік дегенді қалай түсінесің?», 5-8 сыныптарда «Рухани бай адам ол қандай болмақ?», 9-11 сыныптарында «Қарттарым – асыл қазынам» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

Мектептің өзін-өзі басқару жүйесі әзірленді және бірқатар жылдар бойы қызмет етіп келеді. Мектеп әкімшілігі мектептің өзін-өзі басқару жұмысына қолдау көрсетеді. «ЖАС ҰЛАН» ұйымының басшылығымен мектебімізде “Күз аруы” байқауы өткізілді.

Жалпы рухани-адамгершілік бағыты бойынша жылдық жоспарда белгіленген барлық шаралар жоғары деңгейде өз уақытында өткізіліп, талдау жасалынады, себебі рухани тәрбие адамгершіліктің бастауы, адамгершілік қасиеттердің қайнар көзі.

https://www.instagram.com/p/Cp2mcD5t6jZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Отбасы тәрбиесінің міндеті балалардың өз туыстарының кемшіліктеріне шыдамдылық көрсетуін қалыптастыру, өзін отбасының тең құқылы бір мүшесі ретінде сезінуіне, ересек адам ретінде отбасында пікір айта алуына дағдыландыру.

https://www.instagram.com/p/CllUICltKOz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ата – аналар оқу сапасын арттыру бойынша іс – шаралар өткізуге ат салысты, мысалы, бастауыштың 1 сынып оқушыларының қатысуымен «Тілашар» мерекелік бағдарламалар ұйымдастырылып бала мен ата-ананың байланысы нығайды. «Отбасы жарастығы», «Әдептен озбайық» тақырыбында мектеп кітапханасында ата-аналар және балалар арасында әңгіме сағаттары өтті.

«Әрқашанда біргеміз» тақырыбында оқушылар ата-аналарымен түскен суреттерінен буклет жасап, фотогалереясын өткізді. Нәтижесінде, ата-анаға деген сүйіспеншілік сезімдері, отбасы шежіресін біліп-үйренуге, бір-бірін сыйлауға құлшыныстары оянды.

Ата – аналар мектепшілік іс-шараларды өткізуге, ата-аналар жиналыстарына қатысып, балалардың оқудағы жетістіктері ата-аналар жиналыстарында талданды және талқыланды. Мектептің ата-аналар комитеті құрылып, ол іс-шаралар жоспарын құрастырғанда ұсынымдар береді, оқушылардың салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыруға қатысады; әкімшілікпен, оқушылармен, жергілікті қоғамдастықпен байланыс реттелді;

оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға қатысты, мерзім сайын ата-аналар мен ұжымды демеушілік көмек туралы есептіліктен хабардар етіп отырды.

Ұлттық тәрбие. Қазақстан Республикасының 22-қыркүйек Тіл мерекесіне орай «Ана тілім – ар намысым, қазынам» атты онкүндіктің іс-шара жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Қазақ тілі, орыс тілі және шет тілі пән мұғалімдері ашық сабақтар беріп, сабақтан тыс іс-шараларын өткізді

https://www.instagram.com/p/CoKpDy8tbfR/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/p/CnmZK6kNfzU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

1 наурыз Оқушылардың эстетикалық талғамы мен мәдениетін қалыптастыру мақсатында өзін – өзі тану пәні мұғалімдері «Рахмет айту» күні мерекесіне орай ашық сабақтарын өткізді, атап айтсақ, 3 «А» сыныбында Калиакпарова З.К.«Рахмет айтамын» атты ашық сағаттар өткізді.

Көпмәдениетті және көрме-эстетикалық тәрбие бағыттары жаңа мазмұнда енгізілген бағыттар. Әлеуметтік –мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру бағыты бойынша адам - ең жоғарғы құндылық екенін оқушыға түсіндіру болып келеді. Ең ұлы жеңіс өзінді-өзі жеңу, өзіне - өзі ие бола білген адам ғана барша жұрттан күшті. Әрбір адамның қоғамдағы алатын өзіндік мәртебесі, өз орны бар екеніне сендіру. Осыған орай бұл бағыттар бойынша жоспарға сай бірнеше жұмыстар қамтылды. «Бақытты балалық шақ» мәнерлеп оқу байқауы, «Мен өмірді сүйемін» шығарма байқауы, «Өзін-өзі тану мен дамыту қажеттілігі» психологиялық тренингтер, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы сенім мен ынтымақтастық атмосферасын орнату мақсатында 5-8 сынып оқушылары арасында «Біз бәріміз біргеміз» сергіту ойыны ұйымдастырылды, 9-11 сынып оқушылар арасында «Өзіне өзі қол жұмсаудың алдын алу шаралары» сауалнама, «Менің құпия досым», «Ашығын айтар болсам.....» т.б. тренингтер арқылы оқушылардың психологиялық жағдайлары анықталып, жағымды көңіл-күй орнатылды.

https://www.instagram.com/reel/CpFLcV9Apn2/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Тұлғалық қасиеттерді анықтауға көмектесу, өзіне деген жауапкершілікті сезіне білуге баулу мақсатында мектеп кітапханашылары тарапынан ұйымдастырылған «Олар неге қорғансыз жандарға айналды» сұхбаты жоғары деңгейде өтті.

Мектебімізде қаңтар айында өткізілген «Көмек қолын соз» акциясында аз қамтылған отбасы балаларына мектеп ұстаздары тарапынан мектепке керекті құрал- жабдықтар, киім –кешектер берілді. Оқушыларда өз жауапкершілігін сезіну мақсатында 9-11 сыныптар арасында «Сен өзіңнің істегеніне жауаптысың» дөңгелек үстел, «Әдеп жолы әріден басталады» тәрбие сағаты өткізіліп , мектеп фойесінде «Сенім» жәшігі жұмыс істеп тұрды.

Нәтижесінде оқушы бойында өзіне-өзі сену, өзін көрсете білу, әдепті, кішіпейіл, адал т.б. жағымды қасиеттердің қалыптасуы нығая түсті.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие берудің міндеті табиғат тағдыры үшін тұлғаның жауапкершілік сезімін қалыптастыру, жанашырлық сезімін ояту,адам мен қоршаған ортаның біртұтастығын сана сезімдеріне дағдыландыру. Көгалдандыру айында мектебімізде ата – аналардың, оқушылардың, ұстаздардың көмегімен бірнеше жұмыстар атқарылды, мектептің алдына 10 қарағай ағаштары, питуния отырғызылды. Мектеп ұстаздары мен оқушылар мектеп ауласында, мектепке бөлінген аймақта сенбілік өткізіп ақтау, тазарту жұмыстары жасалып тұрды. Балалар және жасөспірімдер шығармашылық орталығы ұйымдастырыған сәндік қолданбалы өнер сайысында мектебіміздің оқушылары жүлделі орындарға ие болды.

Еңбек, экономика және экологиялық тәрбие бағытында міндеті нарықтық экономиканың негізгі заңдары жайлы білімдерін қалыптастыру, жасөспірімдердің өзіне-өзі қызмет көрсету шеберлігін және дағдыларын игере отырып мектепте ортаңғы буын оқушылары арасында «Шебердің қолы ортақ», бастауыш сыныптарда «Көктем гүлдері» тақырыбында қол өнер байқауын, «Менің таңдаған мамандығым» сұрақ- жауап кешін, «Мамандығым мақтанышым»кездесу сағатын өткізе отырып кітапханадағы ескі кітаптарды түптеп, беттерін түгендеу жұмыстарын, өз сынып бөлмелеріндегі мүлікке жауапкершілікпен қарап, «Бала

тәрбиесі басынан, еңбекке баулу жасынан» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырды.
https://www.instagram.com/p/CotiExKNlJW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA

«Алғашқы экономикалық түсініктері» тақырыбы аясында 5-10 сынып оқушылары өздері орындаған жоба жұмыстары арқылы экономиканың тұстары туралы білімдерін көрсетті. Осы жұмыстар арқылы нәтижесінде алғашқы экономикалық түсініктері қалыптасып, еңбек ету құлшыныстары оянды.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік қалыптастыру мақсатында «Өзін-өзі басқару» күнін өткізіп, мектеп президентін етіп 10 сынып оқушысы Яссынбек Мұбарак сайланды. Оқушылардың өзін-өзі тану қабілетін зерттеу мақсатында мектеп психологтары үнемі жұмыстар жүргізді. 1-4 сыныптар арасында әрбір баланы жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту мақсатында «Өзімді тану-өзгені тану» атты тақырыпта тәрбие сағаты, «Жеке қабілет және әлеуметтік мүмкіндіктің ашылуы» тақырыбында 5-8 сыныптарды сынып сағаттары өткізілді.
https://www.instagram.com/p/CoqldZANucf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Мамандықтың бәрі жақсы...» 9-сыныпта әңгіме сағаты, «Кәсіп түбі нәсіп» 11-сыныпта пікірлесу сағаты, «Менің ата-анамның мамандығы» тақырыбында бастауыш сыныптармен танымдық сағаты өтті.

«Кім болам?» тақырыбы аясында 9 – 11 сынып оқушыларына институт, колледж мамандарымен кездесу, кәсіби бағыт бағдар беру жұмыстары ұйымдастырылып, оқушылар түрлі сұрақтар қойып жауаптарын алды. Нәтижесінде оқушылар қазіргі заман талабындағы кәсіби мамандықтар туралы білімдерін кеңейтті, жаңа мамандықтар туралы танысты. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының ұйымдастыруымен 9 сынып оқушылары Ерейментау қаласы № 8 агротехникалық колледждің жұмысымен танысып, мамандықтары қазіргі заманға жоғары сұранысқа ие екенін көріп қайтты. Осы іс – шарадан кейін бірнеше таңдауын осы оқу орнына жасады.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес зияткерлік, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар жүйесі болды.

https://www.instagram.com/reel/ClbBpFZgemE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Балалардың сыныптан тыс жұмысқа қатысуын ынталандыру жүйесі бар. Сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу мұғалімнің көмегімен жүзеге асырылады және оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған.

https://www.instagram.com/p/Cr0pSh6NnNL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Осы оқу жылының басынан бастап елімізде дебат ойындарына көптеп назар аударылды, осыған орай, оқушыларды дебаттың жаңа форматымен таныстырып, жаңа форматта дебат ойындарына дайындап, жетілдіре бастадық. Жыл бойы дайындығымен және өздерінің жоғары ізденімпаздығын көрсете білген үйірме оқушылары Аудандық дебат ойынында 1 орын иеленді. 2023 жылы 16-18 ақпан аралығында Астана қаласында **"Ризашылық-мейірімділік бұлағы"** атты жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында ұлттық пікірсайыс іріктеудің Республикалық кезеңі өтті. Ақмола облысының намысын аталған турнирде Ерейментау ауданы, «Жалын» пікірсайыс клубының командасы қорғады.

«Жалын» пікірсайыс клубының мүшелері **Мырзабек Жандос және Ясынбек Мұбарак, Республикалық турнирде 8 үздік командаға енді.**

Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесінде алға қойылған міндеті оқушы бойында теріс әсерлерге қарсы тура алу қабілетін қалыптастыру, дене еңбегі, психикалық, әлеуметтік және рухани аулық туралы түсініктерін қалыптастыру болып табылады. Осы міндетті орындау барысы бойынша жоспарда көзделген төмендегідей іс-шаралар өткізілді: «Денсаулық фестивалі - 2021», «Дені сау ұрпақ-елдің болашағы», спорттық ойындар, «Туберкулез қасымызда-сақтан» жазба жұмыстары. Мектебіміздің спортшы оқушылары да әр түрлі спорт түрлерінен жарыстарға қатысып жұлделі орындар мен оралуда.

https://www.instagram.com/p/CILNS0eN6ai/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Аудандық оқушылар арасындағы «Жастар» спартакиадасында үстел ойындары, атап айтқанда шашки және настольный теннис ойындары бойынша Сегізбаев А., Қайрат Ә., Айдархан М., Сатиева А, тоғызқұмалақ ойынынан Абсалямова А., Ахметова А., Жумағали С., Аужан А., Утепова З., Елюбаева Н. жүлделі орындарға ие болды. Мектебіміздің оқушылары: Айдархан М., Қайрат Ә., Ержанұлы Е., Альмағамбетов Т., Бопиев Ә., Сагинтаев Д. т.б оқушылар самбо, дзюдо және қазақша күрес спорт түрлерінен еліміздің түрлі қалаларына барып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының негізгі бағыттары: Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап. Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді шешу үшін Білім министрлігі 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 жоғары оқу орындарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекітті

«Ұлттық мүдде» бағытының негізінде оқушылардың қоғам игілігі үшін қатысуы, Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу, ұлттық мәдениетті ұлықтау, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту басым міндеттер болып табылады. Ұлттық мұраға қамқорлық жасап, қазақ келбетін қалыптастыруға белсене атсалысу.

«Ар-ұят» бағытының негізінде имандылықты дамытуға бағытталған іс-әрекеттердің басымдылығы: оқушы адал еңбекті құрметтеу, сөзіне, ісіне адал болу, отбасының абыройын сақтау, халқына адал қызмет ету, байқампаздық адамгершілік нормаларын қалыптастыру, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне мейірімділік пен құрмет көрсету, отбасы, сынып, мектеп, қоғам, ел алдындағы жауапкершілікті сезіну.

«Талап» бағытының негізінде сыни және шығармашылық ойлау қабілетіне, жеке және ұжымда дами білуге, оқуға, тәжірибе мен жаңа жетістіктерге жетуге, физикалық белсенділікке, қарым-қатынасқа, жұмысқа және өзін-өзі дамытуға ұмтылу, технологиялық және цифрлық дағдыларды алға жылжыту, уақыт пен жеке ресурстарды тиімді басқару.

Бұл іс-шаралардың барлығы 2023-2026 жылдарға арналған жоғары оқу орындарын қоспағанда, «Біртұтас тәрбие бағдарламасында» ұсынылды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы оқу үдерісінің ерекшеліктері туралы» нұсқаулық-әдістемелік хатта ұсынылды.

Тәрбие жұмысының жоспарын құру кезінде мектептер «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» құжатын басшылыққа алды. Мысалы, «Таза аула», «Жасыл мектеп», «Эко-волонтерлар», «Экологиялық туризм», «Үнемді тұтыну», «Заттың екінші өмірі», «Мектептегі энергияны үнемдеу» т.б.

Біз өз мектебімізде «Жеткіншектің жеті жарғысы» және «Еңбегі адал жас өрен» бағыттарын тандадық. Осы жобалар негізінде, сондай-ақ республикалық «Төрт тоқсан-төрт өнер», «9 ай - 9 іс-шара» жобаларынан мектептің тәрбие жұмысының жоспарын жасап жатырмыз.

Күтілетін нәтижелер

1. Ата-анасын, үлкенді сыйлай білуді біледі, отбасы алдындағы жауапкершілігін қабылдайды және түсінеді, «шаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының мағынасын қастерлейді, отбасының амандығын бағалайды.
2. Отбасында, мектепте өз ісіне жауапкершілікпен қарайды, сөзіне де, ісіне де берік, кішіге қолдау көрсетеді, үлкенді сыйлайды, ар-намыс пен абыройды қорғап, адал еңбекті жоғары бағалайды.
3. Отансүйгіштік танытады, белсенді азаматтық ұстанымы, тектілігі бар, халқына адал қызмет етуді, мемлекеттің тәуелсіздігін, ел мен жердің тұтастығын қорғауды парызы деп санайды, салт-дәстүрді біледі және сақтайды.
4. Ой мен тән тазалығын, салауатты өмір салтын, жан дүниесінің үйлесімділігін сақтайды. Тәрбиенің негізгі мақсаты - идеалды мақсаты ретінде ғана емес, сонымен қатар тәрбиенің мазмұны ретінде қарастырылатын түлектің жеке басының моделі.

Өткен оқу жылында дәстүрлі жалпымектептік іс-шаралар ойдағыдай өтті. Атап өтетін

болсақ: Алғашқы қоңырау, «Ұстаздар күні», «Денсаулық күні», Қазақстан халқы тілдері апталығы, Қарттар күні, Күзгі бал, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл, Наурыз мейрамдары, 8-наурыз, Қазақстан халқының бірлігі күні, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері күні, Жеңіс күні, Соңғы қоңырау мерекелері, оған барлық мектеп оқушылары катысты.

Мемлекеттік мерекелер Наурыз, Қазақстан Республикасының күні, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні іс-шаралар жоспарына сәйкес жыл сайын өткізіледі.

Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейінде оқу жылының басталуына орай «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында алғашқы қоңырау мерекелік салтанатты жиыны болып өтті. Мерекелік іс-шараны мектеп жаңа директоры Жахин Е.Т мектеп табалдырығын аттап отырған бүлдіршіндерді, оқушылар мен ата-аналарды құттықтау сөзімен бастады. Сондай-ақ, 1-қыркүйек -Білім күні мерекесімен оқушылар мен мектеп ұжымын құттықтап ата-аналар сөз сөйледі. Салтанатты жиын оқушылардың мерекелік сазды бағдарламасымен жалғасты.

Тіл – ұлттың жаны, рухы, оның бет-бейнесі, өткені мен бүгіні және болашағы. 5.09 күні "Бір шаңырақ астында" тақырыбында Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай өткізілетін он күндіктің салтанатты ашылуы өтті.
https://www.instagram.com/p/CxLb2S1NrUW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

06.09 күні 10-11 сыныптар арасында "Тілімізге деген көзқарас-елімізге деген көзқарас" шығармалар сайысы өтті. "Бір шаңырақ астында" тақырыбында Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай он күндіктің жоспарына сәйкес "Тіл-ұлттың тірегі" сайыс-сабағы болып өтті. "Жасай бер, қазақ тілі, ана тілім" тақырыбында сынып сағаттары өтті.

«Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өткізу аясында еліміздің барлық өңірлерінде 2023 жылғы 5 қыркүйек күні сағ. 11.00-де мемлекеттік тілде жалпықазақстандық ашық диктант өтті.

Талап тәрбие бағыты бойынша «Денсаулық – зор байлық» атты апталығын өткізу аясында «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде «Сергіту сәті» челленджі өтті.

https://www.instagram.com/p/Cw7BQQsN92v/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Оқушыларымен тез әзірленетін тағамдардың денсаулыққа зияны, құрамы, Фаст-фуд тағамдарының оң және теріс жақтары жайлы айтып түсіндірілді. Сусындардың зияны жайлы мектеп медбикесі өткізді.

Еңбек күніне арналған «Еңбектің түбі-береке» Сабақтың мақсаты:

- еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру;
- еңбек етуге қызығушылықтарын дамыту;
- еңбексүйгіштікке тәрбиелеу

https://www.instagram.com/reel/CxqXkj8tPCY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мұғалімдер күні қарсағында мектеп түлектері салтанатты құрмет керсетті. Тәрбие жоспарына сәйкес 6 қазан Дублер күні өтті.



Осы мерекеге орай мектеп оқушылары концерт дайындады.

Ақмола дарыны ұйымдастырған “Менің шағын Отаным” байқауының аудандық кезеңі бойынша

https://www.instagram.com/p/CyOPuS8NiHn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==

“Шағын Отанымның символы” номинациясы бойынша жүлделі І орын 9 сынып оқушысы Бекенова Аида

“Менің кіші Отанымның тарихы” номинациясы бойынша жүлделі ІІ орын 9 сынып оқушысы Жәнібек Нәйлә

“Менің туған өлкем” номинациясы бойынша ІІ орын 9 сынып оқушысы Куатова Балмекен

“Менің кішкентай Отанымның болашағы” номинациясы бойынша жүлделі ІІ орын Жұмакенов Фатима Жетекшісі: Рай Майгүл

Оқушыларға Күзгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері таныстырылды.

Тәрбие сағатының мақсаты: балалардың үйде, көшеде, табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтай білу жөніндегі білімдерін бекіту және жолда жүру қауіпсіздік жағдайлармен таныстырылды. Біртұтас тәрбие жұмыс жоспарына сәйкес қараша айының 14 күні дебат қатысушыларының арасында дебат ойыны өткізілді. Тақырыбы : «Зорлық зомбылықсыз әлем» және «Тоқта, буллинг»

Дебат жетекшісі: Елеукенова Риза Саркытовна



“Талап” құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2023 жылы 20 қараша күні “Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейі “ КММ “Өзін-өзі басқару” ұйымының ұйымдастыруымен “Еркін тыныс ал!” жалпыреспубликалық флешмоб өтті.

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасының “Ұлттық мүдде құндылығы” бағыты бойынша оқушыларымен “Тәуелсіз елім -Қазақстан” тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.

Мақсаты: Оқушыларға Қазақстан туралы, оның Тәуелсіздігі туралы мәлімет беру, Тәуелсіздікке қалай жеткенін баяндау, оқушыларды өз елін сүйуге, қадірлеуге, Отансүйгіштікке баулу.

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасының “Ұлттық мүдде құндылығы” бағыты бойынша Мектеп оқушыларының тәуелсіздік күніне арналған құттықтауы

Кішкентай бүлдіршіндер қыркүйек айында мектеп табалдырығын қуанышпен және жүрексіне аттап келгенде, алғаш қолдарына ұстаған оқулығы “Өліппе” болса, әл енді сол әліппені аяқтап, білім асуының алғашқы белесінен асып отыр. Әрине, бұл балалар үшін жетістік, жеңіс! Мереке барысында оқушылар келген ата-аналар мен қонақтарға өз білімдерін, өнерлерін көрсете білді.

Желтоқсан айы **Жаңа жыл -2024** мерекесін тойлаумен аяқталды

Оқушыларға қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері таныстырылды.

Тәрбие сағатының мақсаты: балалардың үйде, көшеде, табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтай білу жөніндегі білімдерін бекіту және жолда жүру қауіпсіздік жағдайлармен таныстырылды. БІРТҰТАС ТӘРБИЕ бағдарламасы аясында Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейінде қаңтар айының 1-ші аптасында барлық сыныптарда «Адамгершілік -асыл қасиет» сынып сағаттарынан басталды.

Айдың 2-ші аптасында «Туған жер – алтын бесік» сынып сағаттары өтті. Айдың 3-ші аптасында БІРТҰТАС ТӘРБИЕ бағдарламасы аясында ұлттық мәдениетті дәріптеу, шығармашылықты дамыту мақсатында Абай клубы мүшелерінің 2-4 сыныптар арасында "Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы" мәнерлеп оқу сайысы өтті.



Мектеп директорының орынбасары Сырымбетова А.А 7-9 сынып оқушыларына **құқықбұзушылық туралы профилактикалық** түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Кәмелетке толмаған оқушылармен жыныстық қатынас туралы мектеп медбикесі әңгіме жүргізді

https://www.instagram.com/p/C3Xphm0NghN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«**Қазіргі қоғамдағы экстремизм қаупі**» тақырыбы бойынша мектепішілік дебат ойыны өтті. Ұлттық мүдде бағыты бойынша «**Терроризм және Экстремизмге қарсымыз**» тақырыбында сурет байқауы өтті.

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ бағдарламасы аясында «**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы**» ата-ана оқушы және мұғалім арасындағы қарым –қатынасты нығайту, ұлттық мәдениетті дәріптеу, шығармашылықты дамыту мақсатында мектепішілік «**Өнерлі отбасы**» сайысы өтті.


https://www.instagram.com/reel/C2hiPLUN5OW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==



БІРТҰТАС ТӘРБИЕ бағдарламасы аясында Бөгенбай батыр атындағы мектеп-лицейінде ақпан айының 05.02-12.02 күндері сыныптарда «**Адалдық-адамдықтың белгісі**» сынып сағаттарынан басталды.

Аудандық «**Ақмола жұлдыздары**» атты халық шығармашылығы байқауы ГранПри

https://www.instagram.com/reel/C37-k6vtkw3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==



«**Тоғыз ай – 9 іс шара**» «**4 тоқсан - 4 өнер**» жобалары шеңберінде:

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында Абай Құнанбаев шығармасынан «**Абайды оқы таңырқа**» атты ЧЕЛЛЕНДЖІ ұйымдастырылды.

Халықаралық әйелдер күні мерекесіне арналған «**Ләйлім шырақ**» байқауы ГранПри



Наурыз айының 01.03-18.03 аралықтарында сыныптарда «**Алғысайту-адамгершілік белгісі**», «**Ризашылық-мейрімділік бұлағы**», «**Мен көрсететін үлгі**» сынып сағаттары өтті.

https://www.instagram.com/reel/C37_gBnNQ3N/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

8 Наурыз қарсаңында 06.03 күні мектепішілік «**Қыз сыны**» сайысы өтті




Сайыс арасында әжелер мектебі қазақ халқының салт-дәстүрлерін көрсетіп, оның маңыздылығы туралы айтты



6 наурыз күні «Ана өмірдің шуағы!» ашық тәрбие сағаты (кесте бойынша) барлық сыныптарда өтті.

7 наурыз ұстаздар мен мектеп персоналына арналған концерт өтті.



Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысжоспарына сәйкес шебер сабақ өткізілді

Мақсаты: ата-аналардың әртүрлі жағдайларда балаға тиімді көмек көрсетуге дайындығын қалыптастыру .

Наурызмейрамы қарсаңында мектебімізде түрлі іс шаралар өтті.

https://www.instagram.com/reel/C4sgeHZty9u/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==



дене шынықтыру мұғалімдері 5-10 сынып оқушыларымен Қазақтың ұлттық ойындары: тоғызқұмалақ, асық ату, бес асық атты әр түрлі спорттық ойындарын жүргізді.



Әр сынып жоспар бойынша құрылған салт дәстүрлерін көрсетіп, қазақтың ұлттық тағамдарымен дастархандарын жайды.



Оқушыларға көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері таныстырылды.

Тәрбие сағатының мақсаты: балалардың үйде, көшеде, табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтай білу жөніндегі білімдерін бекіту және жолда жүру қауіпсіздік жағдайлармен таныстырылды. Сәуір айының 01.04-29.04 аралықтарында сыныптарда «Іс –әрекеттегі мейрімділік», «Күнделікті өмірдегі адалдық», «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері», «Қоғам игілігіне қызмет ету», «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» сынып сағаттары өтті.

Мектепте “ӘНШУАҚ” әндер фестиваль өткізіліп, “Мен елімнің гүлімін “ әнімен Төлеубай Аяулым, “Әжем айтқан ертегі “ әнімен Жәнібек Айша, Жанат Раяна, “Әжетайым” әнімен Нұрмұхамбет Медина, “Біз балдырған баламыз” әнімен Сегізбаева Шахназ қатысты

https://www.instagram.com/p/C5RHCJiN629/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Жыл сайын аудандық төтенше жағдайлар бөлімі мен аудандық білім бөлімі бірлесіп «Жас құтқарушы» слетін өткізеді.

Байқауға аудан бойынша он екі мектеп қатысты. Мектебіміздің «Сұңқар» командасы **1 орынға** ие болды!!! https://www.instagram.com/reel/C57ZKATo-sB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==



Ерейментау АПБ-нің ЖКТ аға криминалисі полиция майоры Д.Д.Назымбеков және Ерейментау АПБ-нің КПБ жедел уәкілі, полиция сержанты А.Е.Алиакпаров мектебіміздің 9-11 сынып оқушыларымен “Құқықбұзушылық. Нашақорлық. Алаяқтық” тақырыбында кездесу өткізілді.

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасының «Ұлттық мүдде» құндылықтары бойынша мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Тақырыбы: «Көктемгі және жаз кезіндегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету»



10 сәуір күні өткен Ерейментау ауданының жалпы орта білім беретін мектептерінің оқушылары арасында, «Намыс» Спартакиадасы аясында, «Отан қорғаушы» әскери - спорттық кешенінің нормативтерін орындауында Бөгенбай батыр мектеп лицейі ІІІ-орынға ие болды.

9 сынып оқушысы Сағынтаев Данияр “Жоғары секіруден” үздік нәтиже көрсеткені үшін дипломмен марапатталды.

“Ата -аналарды педагогикалық қолдау “ орталығының жоспарына сәйкес ата-аналардың баласына қолдау көрсету негізі ретінде “Білімдіге дүние жарық” тақырыбымен 1-3 сынып оқушыларының ата-аналарымен жиналыс өтті. Өткізген: Ербатырова М.Т., Мусабекова А.К. Мамыр айының 26.04-29.04 аралықтарында сыныптарда «Бейбітшілік-ел тілегі», сынып сағаттары өтті.

https://www.instagram.com/p/C6ypSBUNes9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

[NWFIZA](#)==

«Мен, сен, ол бәріміз-тұтас елдің сәніміз» спорттық эстафета өтті

«Көп ұлтты, тату елім-Қазақстан» қабырға газеттері сайысы өтті

«Тұрақтылық тұғыры-татулық» кітап көрмесі өтті.

«Қазақстан-достық мекені» 5-7 сыныптар арасында үздік шығармалар байқауы өтті.

04.05-06.05 аралықтарында сыныптарда «Ерлік- ұрпаққа мұра» сынып сағаттары өтті.



БІРТҰТАС ТӘРБИЕ бағдарламасы негізінде ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ бағыты бойынша «Ұлттық әскеріміз-Тәуелсіздіктің тірегі» атты кездесу өтті. Кездесуге мектебіміздің интернационалист-жауынгерлері Баймуханов Қадыр Тасбекович және Ахметов Жамбыл Кенжетайұлы шақырылды. Тәлімі мол тарихтың тірі куәгерлері біздің жас ұрпаққа үлкен өнеге.

https://www.instagram.com/p/C3aMbhuNAgI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==



Ұлы Отан соғысына қатысқан ата- әжелеріміздің өмір жолдары мен ерліктері жайлы кітап көрмесі

